

### Білім беру бағдарламасының паспорты

<b>Білім беру саласының коды мен жіктелуі</b>	6B01 Педагогикалық ғылымдар
<b>Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі</b>	6B015 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау
<b>Білім беру бағдарламасының коды мен атауы</b>	6B01601 Тарих
<b>Білім беру бағдарламаларының топтары</b>	V015 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау
<b>Білім беру бағдарламасының бірегейлігі</b>	<p>1. Жоғары білікті, жаңартылған оқу мазмұнын меңгерген, білім беру үрдісін жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдеріне ие ғылыми-педагогикалық кадрларға деген сұранысты қанағаттандыру;</p> <p>2. БББ қоғамдық сананы жаңғырту, жаңа гуманитарлық білім жағдайында пәнаралық білімдер мамандарын дайындауға (тарих, демография, археология, этнология т.б.) бағытталған.</p> <p>3. Білім беру үрдісі субъектілерінің кәсіби және зерттеушілік күзінеттіліктерін заманауи құрылғылармен жабдықталған «Алтайтану» ҒЗО, С.Аманжолов ат. ШҚМУ археология және мәдени мұралар мұражайы, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы, Ж.Ж. Ахмеров атындағы цифрлық гуманитаристика кабинеті, заманауи құрылғылармен (Квадракоптер Фантом-4, Металл іздеуші PL-2, Электромагниттік радар АЭМП-14) жабдықталған археологиялық зерттеулер лабораториясы негізінде дамыту мүмкіндіктері;</p> <p>4. Тәжірибелік, зерттеу және сараптамалық күзінеттіліктерді дамыту мақсатында археологиялық экспедициялар, ШҚО халықтары Достық Үйі жанындағы аймақтық Толеранттылық мектебі және «Үлкен Алтай Өлемі» халықаралық археологиялық жазғы мектептерге қатысу мүмкіндіктері;</p> <p>5. Жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрам, оның ішінде: үш ғылым докторының: 1. Қазақстан тарихының деректануы (т.ғ.д. Игибаев С.К.), 2. Демографиялық зерттеулер (т.ғ.д. Алексеев А.Н.), 3. Қазақстандағы саяси террорлар тарихы мәселелері (т.ғ.д. Жанбосинова А.С.) бойынша ғылыми мектептерінің болуы;</p> <p>6. Жобалық және зерттеушілік қызмет нәтижелерін С.Аманжолов атындағы ШҚМУ тұрақты түрде өткізіліп келе жатқан «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі», «Аманжолов оқулары», «Өлкетану оқулары», «Қазақстан және шекаралас аумақтардағы этнодемографиялық үрдістер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялары және РИНЦ базасына енетін студенттер мен жас мамандардың Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинақтарында жариялау мүмкіндігі;</p> <p>7. Білімін магистратурада 7M01601 Тарих педагогикалық және 7M02202 Тарих ғылыми бағыттағы білім беру бағдарламаларында жалғастыру мүмкіндігі;</p> <p>8. Түлектердің еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие болуы.</p>
<b>Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы</b>	
<b>БББ мақсаты</b>	Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында білім беру мекемелерінде тарих пәнін жоғары кәсіби деңгейде оқытуға, ішкі және сыртқы еңбек нарығында бәсекеге табысты түрде түсуге қабілетті, өңір үшін сұранысқа ие мамандарды дайындау.
<b>БББ міндеттері</b>	<p>1. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында тарихты оқытуға қажетті іргелі білімдер, негізгі, жалпы кәсіптік және кәсіби күзінеттіліктерді қалыптастыру, танымдық икемділік, функционалдық сауаттылықты дамыту.</p> <p>2. Жағдайға орай ойлау және әрекет етуді адамгершілік-гуманистік принциптер негізінде және ұлттық менталитет ерекшеліктерін ескере отырып жетілдіру.</p> <p>3. Табысты өмір сүру, өзін кәсіби және тұлғалық тұрғыда таныту үшін азаматтылық, патриотизмді, мультимәденилікті, толеранттылықты, сыни және креативтік тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту.</p>

	<p>4. Өлем қауымдастығының тарихи және қазіргі дамуының негізгі кезеңдері, заңдылықтары мен ерекшеліктеріне талдау жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>5. Ғылыми-зерттеушілік және жобалық қызметке қол жеткізу және дамыту.</p>
<b>БББ оқыту нәтижелері</b>	<p>6B01601 Тарих білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін түлектер қабілетті болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. тарихты оқытудағы білім беру қызметін білім берудің жаңартылған мазмұнына сәйкес біртұтас педагогикалық үрдіс туралы жүйелі білімді, оқыту әдістері, формалары мен құралдарының кең ауқымын қолдана отырып құрастыру;</li> <li>2. жаһандық және жергілікті тарихи-мәдени, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси, этнодемографиялық және конфессиялық үрдістерге қоғам дамуының объективтік заңдары негізінде сыни баға беру;</li> <li>3. тарихтың барлық кезеңдеріндегі дамудың біртұтастығы мен үздіксіздігін сипаттайтын негізгі оқиғалар, құбылыстар мен үдерістерге, олардың себеп-салдарлық байланысын аша отырып талдау жасау;</li> <li>4. кәсіби қызметті көшбасшылық қасиет және этикалық, құқықтық мінез-құлық нормаларына сәйкес белсенді өмірлік ұстанымды таныта отырып ұйымдастыру;</li> <li>5. ынтымақтастық ортаны тудыру және оқушылардың бойында өз-өзіне сенімділік, жауапкершілік, парасаттылық, сыни тұрғыдан ойлау және өзін-өзі талдауды дамыту;</li> <li>6. экономикалық білімдерді, менеджмент, маркетинг және қаржы жайлы ғылыми түсініктерді патриоттық өмірлік ұстанымды таныта отырып кәсіптік және қоғамдық қызметте қолдану;</li> <li>7. экология, салауатты өмір салты және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі, құқықтық мәдениет талаптарына сай белсенді саналы қызметті жүргізу;</li> <li>8. ақпарат пен деректерді олардың шынайылығы, идеологиялық бағыттылығы және ғылымилық көзқарастары тұрғысында түсіндіру;</li> <li>9. саралап оқытуды инклюзивтік білім беру талаптарын ескере, төзімділік, моральдық құндылықтар принциптеріне және көптілділік талаптарына сүйене отырып ұйымдастыру;</li> <li>10. гуманитарлық ғылымдар саласындағы жаңа жетістіктерді ақпараттық және цифрлық ресурстарды қоса алғандағы заманауи білім беру технологияларын қолдана отырып білім берудің барлық формаларында пайдалану;</li> <li>11. зерттеушілік және тәжірибелік міндеттерді шешу кезінде деректемелік, тарихнамалық және этнографиялық материалдарға талдау жасау;</li> <li>12. әлемдік тарих пен мәдениеттегі тарихи тұлғалардың рөлі мен олардың жетістіктеріне баға беру;</li> <li>13. жалпы адамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарды философиялық білім, және де тұлғаның жан дүниесі мен физикалық ерекшеліктері туралы білімдер негізінде, өзін-өзі дамыту, тұлғалық өсу және өзіндік менеджмент жолдары арқылы дамыту;</li> <li>14. академиялық жазу, ғылыми зерттеулер, зерттелетін саладағы ғылыми-зерттеу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру, алынған нәтижелерге баға беру мен түсіндірудің әдістері мен тәсілдерін қолдану.</li> <li>15. білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін ІТ, смарт және стем - технологияларды, АКТ-ны дербес қолдану, соның ішінде білім берудің жаңартылған мазмұны шеңберінде аралас және қашықтықтан оқыту жағдайында оқушыларды оқыту үшін өзіндік сандық білім беру ресурстарын құру үшін.</li> </ol>
<b>Түлектің біліктілік сипаттамасы</b>	
<b>Берілетін дәреже:</b>	6B01601 Тарих білім беру бағдарламасы бойынша білім беру бакалавры
<b>Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі</b>	6 (6.1, 6.2, 6.3, 6.4)
<b>Лауазымдарының тізімі</b>	Тарих мұғалімі, аға тәрбиеші, тәрбиеші, аға шебер, оқытушы, әдіскер, педагог ұйымдастырушы, қосымша білім беру педагогы, мектеп ұйымы тәрбиешісінің көмекшісі, басшының орынбасары және басшы, мұражай,

	мұрағат қызметкерлері.
<b>Кәсіби қызмет объектісі</b>	Білім беру бағдарламасы болашақ мамандарға орта мектепте, зияткерлік мектептерде, лицейлерде, гимназияларда, мамандандырылған және шағын жинақты мектептерде, колледждерде, ғылыми-зерттеу орталықтарында, мұражай, мұрағаттарда, мемлекеттік және қоғамдық қызметтерде жұмыс істеуге мүмкіндік береді